

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**«ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЗАМАНАУИ ТУРИСТІК
ИНДУСТРИЯНЫҢ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»**

**экономика ғылымдарының докторы, профессор
СҰРАҒАНОВА САЙРАН ҚАБДРАХМАНҚЫЗЫН
еске алуға арналған халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
23 ақпан 2018ж.**

**СБОРНИК ТРУДОВ
международной научной конференции
«ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ
СОВРЕМЕННОЙ ТУРИСТСКОЙ ИНДУСТРИИ В УСЛОВИЯХ
ЦИФРОВИЗАЦИИ»,
посвященной памяти доктора экономических наук, профессора
СУРАГАНОВОЙ САЙРАН КАБДРАХМАНОВНЫ
23 февраля 2018г.**

**PROCEEDINGS
of the international scientific conference
«THE MAIN TRENDS AND FEATURES OF THE MODERN TOURIST
INDUSTRY DEVELOPMENT IN THE CONTEXT OF DIGITALIZATION»,
dedicated to the memory of
Doctor of Economic Sciences, Professor
SURAGANOVA SAYRAN KABDRAHMANOVNA
23 February 2018**

Астана, Қазақстан
Астана, Казахстан
Astana, Kazakhstan

УДК 379.8(063)
ББК 75.81
Ц 71

Редакционная коллегия:

Декан экономического факультета, д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана, к.э.н., доцент Тажикенова С.К.,
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономика» д.э.н., профессор Майдырова А.Б.,
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.,
Доцент кафедры «Туризм», к.э.н., Мусина К.П.,
Старший преподаватель кафедры «Туризм», доктор PhD Агыбетова Р.Е.
Старший преподаватель кафедры «Туризм», магистр туризма Гиззатжанова А.Г.

Цифрландыру жағдайында заманауи туристік индустрияның дамуының негізгі тенденциялары мен ерекшеліктері: Халық ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2018.

Основные тенденции и особенности развития современной туристской индустрии в условиях цифровизации: Сб. материалов межд. науч. конф. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2018.

Proceedings of the international scientific conference **The main trends and features of the modern tourist industry development in the context of digitalization.** Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2018.

ISBN 978-9965-31-984-6

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында цифрландыру жағдайындағы қазіргі заманғы туристік индустрияның негізгі үрдістері мен ерекшеліктеріне қатысты өзекті мәселелер қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы касательно основных тенденций и особенностей развития современной туристской индустрии в условиях цифровизации

The collection of materials on the international scientific conference considers important issues regarding the main trends and features of the modern tourist industry in the context of digitalization

УДК 379.8(063)
ББК 75.81
Ц 71

ISBN 978-9965-31-984-6

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2018

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2018

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2018

Ұлы Адам, Дос, Ұстаз



2016 жылдың 7 қарашасында 68 жасында өмірден экономика ғылымының докторы, профессор Сұрағанова Сайран Қабдрахманқызы өмірден озды.

Сайран Қабдрахманқызы 30 жылдан аса жыл елдің жоғары оқу орындарында педагогикалық қызметпен айналысты. Ы.Алтынсарин атындағы білім академиясының корреспондент –мүшесі, Ресей Федерациясының Халықаралық ғылым және практикалық өндірісті ұйымдастыру академиясының мүшесі.

Сайран Қабдрахманқызы он жыл бойы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің негізін қалаушысы және жетекшісі болды. Университетте жұмыс істеу кезінде ашылған экономика факультетінің барлық мамандықтар бойынша оқу жоспарлары мен мемлекеттік білім беру стандарттарын әзірледі.

С.Қ. Сұрағанова нағыз патриот және ірі қоғамдық қайраткер бола отырып, көптеген маңызды жобаларға қатысты. ҚР Мәжіліс Парламентінің жұмыс тобының мүшесі бола отырып, Сайран Қабдрахманқызы біршама комиссиялар құрамында жұмыс істеді. Белсенді азаматтық тұғырды ала отырып, С.Қ.Сұрағанова «Халықты еңбекпен қамту сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен қосымшаларды енгізу туралы» заңнаманы дайындауға қатысты. ҚР еңбек және әлеуметтік қорғау Министрлігінің, ҚР туризм және спорт Министрлігінің, ҚР білім және ғылым Министрлігінің, ҚР ауыл шаруашылық Министрлігінің жұмыс топтарында белсенді қызмет атқарды, ҚР білім және ғылым Министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру құжаттарын нострафикациялау бойынша комиссия мүшесі болды.

Сайран Қабдрахманқызы әкімшілік қызметті оқытушылық қызметпен бірге атқара отырып, ғылыми зерттеулер де жүргізді. Ол Қазақстанның Солтүстік аймақтарына тән, енгізу сипаттағы бірнеше ұсыныстар жасады, 150 -ге тарта ғылыми еңбектері, соның ішінде 17 монография, 10 оқу құралы мен оқулықтары шығарылды.

С.Қ. Сұрағанова «2006 жылдың Үздік оқытушысы», «2011 жылдың Үздік оқытушысы» гранттарының иегері, «Еуразия мақтанышы-2008» конкурсының лауреаты болды. ҚР білім Министрлігінің «ҚР білім берудің Құрметті қызметкері» төс белгісімен, «Астанаға 10 жыл» мемлекеттік марапатымен, сол сияқты ҚР білім және ғылым Министрлігінің бірнеше құрмет грамоталарымен нағратталды.

2005 жылдан бастап «Туризм» кафедрасына жетекшілік етті, ол «Туризм» мамандығының магистратурасын (2009 ж.) және PhD докторантурасын (2010 ж.) ашты.

С.Қ. Сұрағанованың жетекшілігімен 3 ғылым докторы және 20 аса ғылым кандидаттары дайындалды, оның 5-і экономика факультетінің оқытушылары, магистранттары.

Сайран Қабдрахманқызы өмірінің соңғы күніне дейін жоғары жұмысқа білеттілігін сақтады. Жұмысбастылығына қарамай ол әр уақытта өз ұжымына және студенттеріне ықыласты, көмек қолын ұсына білетін адам болатын. Ол ешуақытта өзгерістен қорықпайтын, әр уақытта заман талабына сай жаңалықты қабылдайтын, өз отбасы, туыстары мен достары арасында беделді тұлға бола білді.

Біз Сайран Қабдрахманқызын Ұлы Адам, Дос, Ұстаз ретінде танымыз.

С.Қ. Сұрағанованың жоғары марапаты ретінде- оның еңбектерінің беделі, оны танитын адамдардың махаббатымен және оны жылы лебізбен еске алуы деуге болады.

Великий Человек, Друг, Учитель



7 октября 2016 года на 68-м году жизни ушла из жизни доктор экономических наук, профессор Сураганова Сайран Кабдрахмановна.

Более 30 лет Сайран Кабдрахмановна осуществляла педагогическую деятельность в высших учебных заведениях страны. Являлась членом-корреспондентом Академии образования им. Ы. Алтынсарина, действительным членом Международной академии науки и практики организации производства Российской Федерации.

Сайран Кабдрахмановна была одним из основателей и бессменным руководителем экономического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева на протяжении десяти лет. За годы работы в университете осуществляла деятельность по разработке учебных планов и государственных образовательных стандартов по всем специальностям,

открытым на экономическом факультете.

Настоящий патриот и крупный общественный деятель С.К. Сураганова принимала активное участие во многих важных проектах. Будучи членом рабочей группы Мажилиса Парламента РК, Сайран Кабдрахмановна входила в состав ряда комиссий. Занимая активную гражданскую позицию, С.К. Сураганова участвовала в подготовке законопроекта «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам занятости населения». Принимала активное участие в рабочих группах Министерства труда и социальной защиты РК, Министерства туризма и спорта РК, Министерства образования и науки РК, Министерства сельского хозяйства РК, являлась членом комиссии по нострификации документов высшего и послевузовского образования МОН РК.

Совмещая административную работу с преподавательской деятельностью, Сайран Кабдрахмановна занималась научными исследованиями. Ею издан ряд рекомендаций, имеющих внедренческий характер для Северных регионов Казахстана, опубликовано порядка 150 научных трудов, в том числе 17 монографий, 10 учебных пособий и учебников.

С.К. Сураганова являлась обладателем гранта «Лучший преподаватель 2006 года», «Лучший преподаватель 2011 года», лауреатом конкурса «Еуразия мақтанышы - 2008». Она была награждена нагрудным знаком Министерства образования РК «Почетный работник образования РК», государственной наградой «10 жыл Астана», а также отмечена рядом почетных грамот Министерства образования и науки РК.

С 2005 года Сайран Кабдрамановна заведовала кафедрой «Туризм», в 2009 году ею была открыта магистратура, а в 2010 году она открыла PhD докторантуру по специальности «Туризм». Под руководством С.К. Сурагановой подготовлены 3 доктора и более 20 кандидатов экономических наук, среди которых 5 преподавателей экономического факультета, а также магистранты. До последних дней Сайран Кабдрахмановна сохраняла колоссальную работоспособность. Несмотря на свою занятость, она всегда оставалась внимательным и отзывчивым человеком по отношению к своим многочисленным коллегам и ученикам. Она не боялась меняться, идти в ногу со временем и, при этом, оставалась верной себе, своей семье и друзьям.

В лице Сайран Кабдрахмановны мы потеряли великого Человека, Друга, Учителя.

Высшей наградой С.К. Сурагановой навсегда будет непоколебимый авторитет ее трудов, искренняя любовь и светлая память знавших её людей.

Great Person, Friend, Teacher



On October 7, 2016, at the 68th year of her life, Doctor of Economics, Professor Suranova Sairan Kabdrakhmanovna passed away.

For more than 30 years, Sairan Kabdrakhmanovna had taught at higher educational institutions of the country. She was a corresponding member of the Academy of Education named after S. Altynsarin, an active member of the International Academy of Science and Practice for Production Organization of the Russian Federation.

Sairan Kabdrakhmanovna was one of the founders and the permanent head of the Economics Faculty of the L.N. Gumilyov Eurasian National University for ten years. Over the years of work at the university, she was engaged in the development of curricula and state educational standards in all specialties, opened at the Faculty of Economics.

A true patriot and a prominent public person S.K. Suraganova took an active part in many important projects.

Being a member of the working group of the Majilis at the Parliament of the RK, Sairan Kabdrakhmanovna participated in the work of a number of commissions. Taking an active civil position, S.K. Suraganova participated in the preparation of the draft law "On Amendments and Additions to Certain Legislative Acts of the Republic of Kazakhstan on Employment Issues". She took an active part in the working groups of the Ministry of Labor and Social Protection of the Republic of Kazakhstan, Ministry of Tourism and Sports of the RK, Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan, was a member of the commission for the nostrification of documents of higher and postgraduate education of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Combining administrative work with teaching, Sairan Kabdrakhmanovna was involved in scientific research. She issued a number of recommendations that have an innovative character for the Northern regions of Kazakhstan, published about 150 scientific works, including 17 monographs, 10 manuals and textbooks.

Suraganova S.K. was the holder of "The Best Teacher of 2006" grant, "The Best Teacher of the Year 2011", laureate of the "Pride of Eurasia 2008". She was awarded a breastplate of the Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan "Honorary Worker of Education of the Republic of Kazakhstan", the state award "10-th anniversary of Astana", and also was awarded with a number of honorary letters of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Since 2005, Sairan Kabdrakhmanovna headed the department "Tourism", in 2009 she opened a master's degree, and in 2010 she opened PhD doctorate in the specialty "Tourism".

Under the leadership of Suraganova S.K., 3 doctors and more than 20 candidates of economic sciences were trained, including 5 teachers of the Economics Faculty, as well as graduates.

Until the last days Sairan Kabdrakhmanovna retained tremendous performance. Despite her busy schedule, she always remained attentive and sympathetic person in relation to her many colleagues and students. She was not afraid to change, to keep up with the times and, at the same time, remained true to herself, her family and friends.

With Sairan Kabdrakhmanovna we have lost a great Person, Friend, Teacher.

The highest award for Suraganova will forever remain in unshakable authority of her works, a sincere love and fond memories of people who knew her.

Рассматривая культурный и исторический потенциал, мы видим огромную роль культурно-исторического наследия в развитии внутреннего туризма. Культурно-исторические объекты, являющиеся самым сильным стимулом туристического мотива, также могут содействовать расширению ресурсов для привлечения туристов. Культурно-исторический туризм не только прибыльная отрасль для региона, но и сфера где может происходить идентификация народа. Однако необходимо обеспечить контроль за сохранением и рациональным использованием культурно-исторического и природного наследия.

Тем не менее, можно выделить основные проблемы исторического и культурного туризма, а именно: недостаточный уровень инвестиций, направленных как на сохранение, так и на развитие культурно-исторического наследия; недостаточность туристической инфраструктуры на местном уровне; недостаточно квалифицированная организация обслуживания туристов, что создает негативный образ как для конкретного туристического центра, так и для страны в целом; несоответствие дорог и транспортной инфраструктуры международным стандартам; несоответствие гостиничной базы международным стандартам, в частности, рейтинг отелей и уровень обслуживания в них; завышенные цен на гостиничные и ресторанные услуги в городах; организация туристических маршрутов; слабая рекламная деятельность в области организации маршрутов, разработка презентации и сувенирной продукции. Необходимость изучения и развития сферы культурно-исторического наследия основано на понимании важной роли культурно-познавательной деятельности для человека, признании и необходимости создания условий для реализации культурных потребностей человека в знании истории, религии, традиций, особенностей образа жизни.

Литература:

1. Affleck, J., Kvan, T. 2008. A Virtual Community as the Context for Discursive Interpretation: A Role in Cultural Heritage Engagement // International Journal of Heritage Studies. Volume 14, Issue 3, May 2008, Pages 268-280
2. Spennemann, D.H.R. 2007. Of great apes and robots: Considering the future(s) of cultural heritage // Futures. Volume 39, Issue 7, September 2007, Pages 861-877.
3. Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 июня 2017 года №406 «Об утверждении Концепции развития туристской отрасли Республики Казахстан до 2023 года»

ДЕСТИНАЦИЯЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ТАҚЫРЫПТЫҚ ПАРКТЕРДІҢ РӨЛІ

Дүйсембаев А.А., Жанділла Б.Д.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
E-mail: bimere@mail.ru

Туризм нарығы көптеген елдердің экономикасының негізгі бағыты болып табылады. Әрі туристік қызметтерге деген сұраныс жыл санап өсуде. Соның арқасында ол әлемдік экономиканың ең табысты әрі серпінді секторы ретінде танылып отыр. Оның басты себебі туристік бизнесті ұйымдастыруға кететін шығынның салыстырмалы түрде аз болуында, ал осы саладағы фирмалардың табысы жоғары болып табылады. Әлемдегі дестинациялар санының тұрақты өсуі туризмді әлеуметтік-экономикалық даму, экспорттық табысты ұлғайту, жұмыс пен кәсіпорындар ашу және инфрақұрылым дамуының басты кілтіне айналдырды. Бүгінгі туристік саланың даму ерекшеліктері және тұтынушылардың заманауи қажеттіліктері туристік дестинациялардың дамуы мен қалыптасуына бірнеше қатаң талаптар қоюда.

Дәстүрлі тұжырымдама бойынша дестинация «адамдар өз демалыстарын өткізетін орын» ретінде қарастырылады, оның сипаттамалық элементтері келесілер болып табылады: орын (құрылым және туристік аудан дамуы), адамдар (демография, мотивация, келу рейтингі

және дестинациядағы жұмысбастылық) және демалыс (туристердің демалыс/каникул уақытындағы қызметі) [1].

Заманауи тұжырымдама дестинацияны екі тұрғыдан қарастырады [2]:

1. Келушілер көзқарасы бойынша – «адамдар демалысын өткізуге арналған орын және олардың қызметінің әсерінің нәтижесі болатын аймақ».

2. Менеджер-девелопер көзқарасы бойынша – «туристік сұраныстар мен олардың дестинацияға әсерін басқару» ретінде қарастырылады.

Соңғы жылдары туризм жанжақты дамып, кеңейіп, әлемдік экономиканың ірі әрі жылдам-өсуші секторына айналды. Туризмнің кез келген түрі дамыған бірден бір ірі туристік ел АҚШ болып табылады. Аталған елдегі саланың дамуы мен ондағы танымал дестинациялар құру тәжірибелеріне тоқталып өтсек.

Туризм АҚШ-та экономиканың ірі саласы болып табылады. Ел жыл сайын миллиондаған шетелдік және американдық туристерге әр түрлі қызметтер көрсетеді. 2017 жылдың қаңтарында саяхаттар елдегі өндірістің басқа салаларының арасында рекордтық көрсеткішке жетті (18.9 миллиард долл.). Сонымен қазіргі таңда барлық Америка экспортының 10% туризмге тиесілі. Сондай-ақ ол 16,6 млн адамды жұмыспен қамтамасыз етеді. Шамамен саяхаттардың 23% - іскерлік, ал қалған 77% - бос уақыттағы демалыс саяхаттары. Елде 17 күн болған шетелдік саяхатшы орта есеппен 4300 долл. жұмсайды [3]. Жоғарыда көрсетілген цифрлар елдегі туризм әлеуетінің жоғары екендігін көрсетеді.

Туристер АҚШ-қа әр түрлі ерекше орталықтарды: қалалар, табиғат, тарихи ескерткіштер, көрікті жерлер мен көңіл көтеру орталықтарын тамашалауға келеді. Елдегі табиғи парктер әлемде теңдесі жоқ рекреациялық нысандар болып табылады. Сондай-ақ АҚШ-та басты туристік маршруттар қала тіршілігіне бағытталған. Мұндағы кез келген миллионер қала туристік орталық болып табылады. Оған қосымша қалалардағы танымал кез келген орталық туристік дестинация ретінде қызмет етеді, солардың бірі – Диснейленд – Калифорния штатындағы Анахайме қаласында орналасқан көңіл көтеру паркі. «Уолт Дисней» компаниясының Walt Disney Parks and Resorts еншілес бөлімімен басқарылады. Алғаш тақырыптық парк 1955 жылдың 17-шілдесінде Уолт Диснейдің үлкенге де, кішіге де қызықты ертегілер әлемін құру деген идеясымен ашылды.

Ал 2012 ж 15-маусымда Әлемдегі «ең бақытты мекенде» жаңадан Cars Land, Buene Vista Street және Carthay Circle Theatre театры ашылды. Cars Land паркте құрылған ең ірі және ең күрделі аттракцион болып табылады. Ол келушілерді Pixar ұсынған танымал мультфильм-блокбастер – «Тачки» әлеміне шақырады. Buene Vista Street Диснейлендтің бас көшесі Main Street USA-ді толықтырады, бірақ одан ерекшелігі XX ғ басындағы викториандық стильдегі Лос-Анджелес көшелерін бейнелейді [4].

Дестинацияға келушілер саны жыл санап өсуде, ол 2016 жылы 16,2 млн адамға жетті. Бір кіру билетінің құны 99 долл. құрайды. Жалпы аталған дестинациядан бір тоқсанда түсетін пайда 3 млрд АҚШ долларынан асады [5].

Жоғарыда туристік дестинациясы мысалында әлемдегі үздік ондыққа кіретін АҚШ-тағы тақырыптық парк қарастырылды. Дестинациялар ұсынатын қызметтері мен алып жатқан аудандары бойынша өзара ұқсамайды. Бұл туристік орталықтардың тартымдылығы олардың идеясы мен қызметтеріне де тәуелді екендігін көрсетеді. Аталған мысалдан туристік дестинацияның қалыптасып дамуына сол ауданның рекреациялық, экономикалық, әлеуметтік, инфрақұрылымдық және т.б. әлеуетінің маңызы басты орында екендігін көруге болады. Туристік дестинацияның танымал болып қалыптасуына ондағы бұрыннан бар тарихи-мәдени ескерткіштердің бар болуы, ыңғайлы климаттық жағдайлар әсер етеді.

Қазақстан бай туристік-рекреациялық әлеуетке ие бола отырып, туризмнің жеткілікті деңгейде дамымауымен сипатталады. Оның жалпы ішкі өнімдегі үлесі (тұру және тамақтану бойынша көрсетілетін қызметтер ғана есептеледі) шамамен 0,3 %-ды құрайды. Соған қарамастан, қазіргі таңда туристік бағыт ретінде Қазақстанға деген халықаралық қызығушылық салыстырмалы түрде өскен.

Әлеуетті туристік рекреацияға ие отандық туристік дестинациялар жұмысын одан әрі жандандыруда сол жерлерде арнайы тақырыптық парктер ұйымдастыру маңызды рөл атқаратындығын жоғарыдағы мысалдан көруге болады.

Тақырыптық парктер орналасу орны, көлемі, қаланың сәулет-құрылыс құрылымы мен көгалдандыру жүйесіндегі орны, қызметінің мәні мен басқа да белгілері бойынша ерекшеленеді. Шаруашылық субъектісі ретінде олардың негізгі мақсаты келушілерді тарту, туристер ағынын қалыптасытру және оларға көрсетілген қызметтен пайда табу болып табылады. Заманауи тақырыптық парктердің басты тенденцияларының бірі клиентке бағытталған тәсілдемені күшейту. Келушілер санын арттыру үшін келесі сұрақтарға жауап беру керек: келуші парктен не іздейді, қандай ынтамен (мотив) келеді, қандай қалауларын орындап, не алғысы келеді. Келушілер үшін паркті смпаттайтын көптеген сандық параметрлер маңызды емес: парк көлемі немесе онда орналасқан аттракциондар саны. Олар үшін ең маңыздысы ұмытылмас әсер болып табылады. Басқаша сөзбен айтқанда, паркте ерекше атмосфераның қалыптасуы оның тартымдылығының кепілі болып табылады. Сонымен қатар, тақырыптық паркті дамытудың басты кілті ұсынылатын қызметтер мен тауарларды өзара тоғыстыру болып табылады. Оны жүзеге асыру үшін келесі стратегияларды жүзеге асыру қолданады: тақырыптандыру, брендинг және пакеттеу [6].

Тақырыптандыру. Паркті ұйымдастыруда тақырып таңдау жұмыстарын егжей-тегжейлі қарастыру клиенттерді ұзақ уақыт ұстаудың ең тиімді тәсілі. Тақырыптық көңіл көтеру орындарының ең үздік үлгісі болып саналатын «Диснейленд» паркі жалпы тақырыптық парктердің туристердің назарын аудару мен жалпы демалыс орындарын ұйымдастыруда жаңа ревалюциялық концепциясы екендігі мойындалды. Батыс зерттеушілері атап өткендей тақырып таңдаудағы дәлдік идея авторларының ұсынған қызметтерін «өндіріс салтанатына» айналдырды. Осы орайда қазақстандық тақырыптық парктер ұсынуда оның идеясына баса назар аудару керектігін ұмытпаған жөн. Бай тарихи-мәдени ескерткіштерге ие ұлт ретінде тақырып ұйымдастыруда өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізге мән беру аса маңызды. Біріншіден, ол жергілікті туристердің қызығушылығын, өз мәдениетіне деген құрметін арттырса, екіншіден, шетелдік келушілердің жаңа экзотикалық әсерлер алуға деген сұраныстарын қанағаттандырады. Сонымен қатар, әлемде қайталанбайтын жаңа дестинацияны ұйымдастыру жалпы елге келуге деген қызығушылықты арттырады.

Брендинг. Бренд – компанияның ең бағалы материалдық емес активі. Заманауи экономикада бренд Сатушылар мен сатып алушыларды байланыстырушы жаһандық коммутатор рөлін ойнайды. Бренд көмегімен тұтынушылар басқаларды алынған тауарлар мен қызметтердің бағалылығы және ерекшелігімен ақпараттандырады. Қазақстанда тақырыптық парктердің дамымауы жаңадан ұсынылғалы отырған жобаның өзіндік ұлттық бренд қалыптастырудағы мүмкіндіктерін жоғарылатады.

Пакеттеу – екі не одан да көп тауарларды біріктіріп, оларды бірге сату. Пакеттеу тауар сатып алуды тартымдылық және қолжетімділік арқылы жеңілдетеді. Шетелдерде көптеген парктер бірыңғай кіру билеттерін ұсынады – паркке кіру, аттракциондарда ойнау, тамақтану, трансфер, кейде орналасуға дейін. Ал атақты тақырыптық парктерге саяхаттар ұйымдастыруда туристік агенттіктер бірнеше бағдарламал жүзеге асыруда. Мысалы: «барлығы қосылған» (All Inclusive Packages), классикалық пакет (Classic Packages), карталы классикалық пакет (Classic Plan, Food'n Fun Card), сондай-ақ арнайы ұсыныстары бар пакет (Specialized Packages).

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей парк жұмыстарын ұйымдастыру қазіргі таңда өте қиындады. Себебі қайталанбас ерекше қызметтерді біріктіріп, тұтынушылардың көңілінен шығу, оларға ерекше әсер қалдыру оңай емес. Жаңа әсерлер мен есте қаларлық ұмытылмас сәттер іздеп келушілер үшін басқаша тиімді әрі қызықты тауарлар мен қызметтер ұсыну кәсіпкерлер үшін қойылатын басты талап. Осындай туристердің басты мотивінің бірі болып табылар тақырыптық парктер ұйымдастыруда интеллектуальді сауаттылық пен дәлдік керек. Жоғарыда айтылып өткендей, тақырып таңдауда ұлттық ерекшеліктер мен нақыштарға назар аудару керек. «Ұлы дала» мұрагерлері болып табылатын халқымыз тарихи көшпенділердің

төл ұрпағы. Өткен ғасырларда әлемді дүбірлеткен жауынгер халықтардың ұрпағы ретінде парк тақырыбын «Көшпенділер» (Nomads) атауымен байланыстыру маңызды. Бұл тақырып отандық туристерден өзге, тарихы ортақ Орта Азия халықтары мен түркі тілдес ұлттардың қызығушылығын арттырады сөзсіз. Ежелгі сақтардан бастап, ғұн, үйсін, қаңлы, қарахандықтар мәдениеті, кейінгі Шыңғыс хан ұрпақтары секілді кең территориямызды мекендеген ұлттардың жауынгерлік өнері мен көшпелі тұрмыс салтын бейнелейтін шытырман оқиғалы, аттракциондар мен қойылымдарға толы парк бірінен кейін бірі ашылатын түрлі қызығушылықтарды тоғыстыра алатын болады. Сонымен қатар, өз кезегінде тақырыптық парк барлық жастағы келушілердің сұранысын арттыра алады. Ұлттық ойындар заманауи техникалардың көмегімен аттракциондық көңіл көтерумен байланыстырылады. Тамақтандыру орындары заманауи асханалардан басқа, ұлттық асханалармен толықтырылып, сондай-ақ көшпелі халықтардың жолда пісіріп жейтін астарын сол жерде келушілердің өздерімен дайындалуы қарастырылады. Ал әйгілі жорықтар мен жауынгерлік шайқастар қойылымдар ретінде ұйымдастырылады. Ал көшпелі халықтарға ортақ ертегі кейіпкерлерін ең жас келушілер, балаларға арналған қызметтерді ұйымластыруда қолданылады. Парк ішіндегі қозғалыс құралы ретінде күймелер мен аттар, түйелерді қолдану оған өзіндік ерекшелік беретін болады. Сонымен қатар, күймелер мен шатырлар, киіз үйлер орналастыру орындары қызметін атқарады.

Жоғарыда ұсынылған ұсыныстар жалпы тақырыптық парктер ұйымдастыруға қажетті жоғарыда көрсетілген шарттарды орындайды. Тақырыптың дұрыс ойластыруы тұрғысынан, көшпелілер мәдениетін қазіргі таңда барлық әлемге қызықты тақырыптың бірі ретінде қарастыруға болады. Бұл туристік дестинацияның тек отандық ғана емес, сонымен қатар шетелдік туристерді тарту мүмкіндігін арттырады. Бұрын қарастырылмаған тың тақырып әрі ұлттық мәдениет пен тарихи оқиғаларды біріктіріп ұйымдастырылатындықтан аталған паркті ұлттық брендке айналдыру мүмкіндігі зор. Ал ұсынылатын тауарлар мен қызметтердің әр түрлілігі кіру билеттері мен жолдамаларды пакеттеуге мүмкіндік береді.

Халықаралық нарықта бәсекеге қабілетті, сонымен қатар ішкі нарықта туристердің сұранысын толықтай қанағаттандыра алатын туристік дестинациялар құру қазіргі таңда ел экономикасын дамытудағы мақсатты бағыттардың бірі болып табылады. Осы ретте тақырыптық парктерді тиімді ұйымдастыру аталған мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Парк қызметінің әлемдік масштабты тәжірибесі мен көңіл көтеру орындарының өсу темпі қазақстан шарттарында шығармашылық қолданысқа баса назар аудару қажеттігін талап етеді. Мақалада қозғалған мәселелер мен ұсыныстар оның одан әрі ғылыми зерделенуі мен тәжірибелік дамуын талап етеді.

Әдебиеттер:

1 Ердаuletov C. P. Индустрия туризма, условия и факторы ее развития в территориальной организации. // Материалы Международной конференции специалистов системы туризма/ Алматы, 2002, С 19-20

2 Зорин А. И. Дестинация / А.И. Зорин, И.В.Зорин. –М.: ВЛАЦ, 2009

3 Travel and Tourism Industry Sets New Export Record in 2016 // [Электронды ресурс]: Кіру тәртібі - <https://www.ustravel.org>

4 Disneyland Park // [Электронды ресурс]: Кіру тәртібі - <https://disneyland.disney.go.com/destinations>

5 Walt Disney получила рекордную годовую прибыль благодаря Диснейлендам и телеканалам // [Электронды ресурс]: Кіру тәртібі - <http://www.pervo.ru>

6 Александрова А.Ю. Особенности территориальной организации и продвижения парков развлечений // [Электронды ресурс]: Кіру тәртібі - <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-territorialnoy-organizatsii-i-prodvizheniya-parkov-razvlecheniy>